

# Жақып мырза Ақбайұлы



**АҚБАЕВ Жақып** (7.11.1876, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы — 4.7.1934, Алматы) — Қазақстанда ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушы, қоғам қайраткері, қазақ халқынан шыққан тұңғыш право магистрі. Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген (1903). 1903-1905 жылдары Омбы сот мекемелерінде қызмет еткен. 1905-1907 жылдардағы бірінші россиялық революция Ақбаевтың саяси көзқарасының шыңдалуына үлкен әсер етті. Бұл жылдары Ақбаев Омбы, Петропавл, Семей, Павлодар, Баянауыл, Қарқаралы қалаларында демонстрацияларға қатысып, митингілер мен жиналыстарда сөз сөйледі. «Степной край» (Омбы) газетінде отарлау аппаратының озбырлығы мен жүгенсіздік әрекеттерін, самодержавиенің халыққа жат саясатын әшкерелеген мақалалар жазып, еңбекшілерді патша өкіметінің отаршылық саясаты мен езгісіне қарсы күреске шақырды. 1906-1918 жылдары (ішінара үзілістермен) Семей округтік сотында қызмет істеді. 1906 жылы императорға тіл тигізгені, патша үкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізген мемлекеттік қылмысы үшін тұтқындалып, 1908 жылы Омбы арқылы Якутияға, ал 1910 жылы патша өкіметіне қарсы күресін тоқтатпағаны үшін Тобыл қаласына жер аударылды. 1917 жылы февраль буржуазиялық-демократиялық революциясын Якутияда айдауда жүріп қарсы алды. 1917 жылы мартта саяси қызметі үшін уақытша өкімет тарапынан қуғындалып, тұтқынға алынды. 1917 жылы Алашорда үкіметінің мүшесі болып сайланды. 1917 жылы 7 июльде Колчактың әскери-далалық соты Ақбаевты әскери-казак диктатурасын құлатып, Совет өкіметін қалпына келтіру үшін халықты көтеріліске шақырды деген айыппен өлім жазасына кесті. Совет өкіметінің қалпына келтірілуімен азаттық алған Ақбаев 1919-1927 жылдары Семей губревкомының құрамында заң бөлімін басқарып, Семей облыстық сот мекемелерін ұйымдастыру ісіне белсене қатысты. 1927-1928 жылдары Сырдария округтік адвокаттар коллегиясының мүшесі болды. 1929 жылы жалған айыптармен репрессияға ұшырап, Воронежге жер аударылды. 1934 жылы сырқатының меңдеуіне байланысты түрмеден босатылып, Алматыға келген соң көп ұзамай қайтыс болды. Ақбаев қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, соның ішінде семьянеке правосын зерттеп, баспасөз бетінде публицистикалық материалдар жариялады.

# АЛАШТЫҢ АЗАМАТЫ

1.

Бүгінгі қазақ баласы Әлихан Бөкейхановты, Ахмет Байтұрсыновты жақсы біледі дей аламыз. Оған да шүкіршілік айтайық, ағайын... Ал сол Әлихан мен Ахметтердің сенімді серігі, оң қолы мен қырағы көзі болған Жақыпмырза Ақбаевты қазақ қауымы біледі деп айта аламыз ба, ағайын? Жоқ, айта алмаймыз. Керісінше, «білмейді» деген сөзді дау-дамайсыз-ақ, нық сеніммен айтуға болады. «Не жазып ем, құдай-ау, мен қазаққа...» деп халқына мұның шаға сөлем жолдаған Ахмет Байтұрсынов сияқты сол Ақбайдың Жақыбы да оңаша ой толғап, мұңайған болар-ау... Ал сонда Ақбайдың Жақыбы кім еді? Біраз ізденіп, тер төксек те, «біліп болдық, түсініп-түйсіндік» — дей алмаспыз, дегенмен, оқырман қауым арасында ынта тудырып, ойтүрткі боларғықтай материал жинаған тәріздіміз. Соларды өзіңізге жеткізіп, ортаға салғанды жөн көрдік, оқырман қауым...

...Жеке басқа табыну кезеңіндегі ең алғашқы репрессиялар жиырмасыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың басында-ақ басталып кеткені тарихтан жақсы мәлім. Бұл нәубетке алдымен ұшырағандар халқымыздың Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов тәрізді аяулы ұлдары болатын. Сол кездегі өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Филипп Исаевич Голощекиннің қазақ даласында «кіші Октябрь революциясын жасау» жоспарының негізсіздігін дәлелдеген алқалы топқа күйе жағылды, түрлі-түрлі жалалар жабылды. Бұл нәубет қарқаралылық қаһарман, қазақ халқының азаттығы жолындағы қайтпас-қайсаркүрескер азамат Жақыпмырза Ақбаевты та құрбандыққа шалды. Ол сол бір қатерлі кезең — ойранды жылдарда, дәлірек айтқанда, 1929 жылы жалған айыптармен Ресейдың Воронеж қаласына жер аударылды.

Тағдыр осы Воронеж қаласына бұрынды-соңды Халел мен Жанша Досмұхамбетовтерді де, Мұхаметжан Тынышбаев пен Елдос Омаровты да, Кәрім Тоқтыбаев пен басқа да бір топ қазақ зиялыларын, сол бір шақтағы қазақ атты халықтың бетке шығар қаймағы, намысын жыртып, сөзін сөйлерлік, қандай майдан, қай айқаста болсын есесін жібермей, халқының сыбағасын мол етіп қайтара алар сайдың тасындай екшеп

алған деуге боларлық асыл азаматтарын да алып келген болатын. Кілең «Сен тұр, мен атайын» дерлік, жөн-жоба, бұрынғы-соңғы тәртіптерден жақсы хабардар, бұдан да жаман кездерде де «оза шауып, жұлде алған» адамдар жаңа жерде, байырғы достас орыс қаласында тез топтасып, естерін лезде-ақ жинап, ұйымдаса қалады. Жаңа мекенде бірін болмаса бірін білетін жақсы ескі таныстар да кездесіп, көмек көрсетіп, қол ұшын берерлік жаңа достар табылды. Солардың нәтижесінде небір кедергі-кесапаттарды жеңіп, бұрын келген зиялылар кейінгілерді тез үйіріп, жеделдете қатарға қосып, ақыл-көмектерінің арқасында әп-сәтте-ақ есін жйғызып, жаңа жағдайдағы тұрмысқа тез жаттықтырып отырды. Кейін келгендер сол бұрын келіп «осы аралық» болып кеткендердің көмегімен аз-кем еркіндікке қол жеткізіп, тездетіп жұмысқа орналасып жатты.

Сонда бұлардың бәріне де таққан кінә, артқан жала біреу-ақ еді: бай-шонжарлардың ұрпағы, өздері де «исі шыққан» байлар, атышулы Алашорда партиясының мүшелері, ұйымдастырып, басқарушылары. Ал ол кез, сол бір аласапыран шақ үшін бұлардан ауыр қылмыс, кешірілмес күнә жоқ еді ғой. Ал, осы «кылмыстардың» сырына көз жүгіртіп көрелікші. Мал, байлық жинау адам баласына, айып бола ма?! Ата-баба бай-жонжар болған екен деп, ұрпағы құрып кетуі керек пе?! «Әкесі үшін баласы жауап бермейді», — деген сталиндік «қағида» қайда?! Ал, алаш екенсің, алаштың азаматы екенсің, түптеп келгенде, қазақ екенсің деп айыптаудың жөні қалай болар екен?! «Алашорда» деген партия болды ма, болса ол тұқымтұғиянымен құртып жіберерліктей қылмысты, күнәлі ме еді?! Бір сәт осы сауалға да жауап іздеп көрелікші. Қазіргі кезде бұл сауалға жауап іздерліктей сәт те туып, тірнектеп жинарлық деректер де баршылық сияқты. Оған да «шүкіршілік» айтқанымыз, қанағат тұтқанымыз жөн болар әзірге...

Іс жүзінде сол Алаш партиясының өзі құр дақбырт, баяғы репрессияларды бастап берудің сылтауы ретінде ғана айғайға ұласқан шаруаның өзі деуге болады. Өйткені Совет өкіметіне қарсы, ұлтшыл-буржуазиялық деп жүрген ондай партия бар болса, оны ең алдымен Самарадағы Комуч (Құрылтай жиналысын шақыру комитеті), Уфадағы Директория танып, табысар еді ғой, байланыс

орнатып, қоян-қолтық әрекет жасамас па еді? Ал, іс жүзінде осы Комуч та, Директория да «Алашорданы» білмеген, ғой. Колчактың өзі 1918 жылдың 22 октябрінде: «Правительство Алаша — «Алашорду» считать прекратившим свое существование», — деген ғой. Және бір күлкілі жай мынада: 1917 жылы Алашорда үкіметі дегеннің мүшесі болып сайланған Жақып Ақбаевтың сол жылдың 7 июлінде Колчактың әскери-далалық соты «әскери-қазақ диктатурасын құлатып, Совет өкіметін қалпына келтіру үшін халықты көтеріліске шақырды» деген айыппен өлім жазасына кескен ғой, ол бұл жазадан Совет өкіметінің қалпына келтірілуіне байланысты ғана аман қалған емес пе?! Сонда «Алашорданың» ұлттық-буржуазиялық өкімет екені рас болса, оның басшыларының бірі Жақыпты колчактық сот мұндай жазаға кеспес еді ғой, олай жасайтындай, өз «сыбайластарын» өлім жазасына кесерліктей олар «жынды қойдың миын жегендей» ақмақтар емес қой.

Оның үстіне О. Кәру сияқты тарихшының: Алашорда «никогда не была больше чем комитетом, который собирал съезды и издавал манифесты», — деген тұжырымы мен және тарихшы С. Зеньковскийдің: «Правительство Алаш-Орды существовало менее чем номинально» — деуі («Непролетарские партии и организации национальных районов России в Октябрьской революции и гражданской войне». Москва, 1980, с. 135) тегін болмаса керек. Мұндай пікірлермен санаспауға болмайды.

Алашорданы қағаз жүзінде «дәлелдеп», Совет өкіметінің жауы етіп шығару, сол арқылы «кіші Октябрь революциясын» іске асыруға кедергі боларлық, танымдары мықты негізделген, тәжірибелері мығым, қазақ даласында сүйеніші аса күшті зиялы қауымды тұқыртып ұстау, түрлі жазалаулар мен жераударуларға жол ашып, мүмкіндік жасау Голощекинге, ол арқылы өзіндік «болашақ жоспарлары» бар Сталинге қажет болды. Содан келіп А. Богачев пен Н. Мартыненколарға, С. Брайнин мен Ш. Шафириларға Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Голощекиннің уақыт тудырған «әлеуметтік заказы» берілді, қазақстандық Сталиннің көзқарасы мен соның негізінде жасалған тұжырымдарын «дәлелдеп беру» тапсырылды. Аталған адамдар өз міндеттерін «абыроймен, мінсіз» орындап шықты...

Бұл ретте олар еріксізден жасалған бұрмалауларға дейін барды: көмекке қазақ тілін білетін қазақ зерттеушілерін алмастан, араб әрпімен басылған, қазақ

тіліндегі нұсқалар жөнінде тұжырымдарын білдірді, оларды өздерінше редакциялап, газет-журналдарда жарияланған жобаларды бекітілген шешім, программа ретінде алды, әлде бір авторлардың сол басылымдарда жариялаған жазбаларындағы жеке пікірлерді ресми тұжырымдар, қабылданған шешімдерден алынған бап ретінде ұсынды.

Осылардың нәтижесінде «алашордалықтарды» қалыптасқан партияның туын көтеріп, советтік жаңа өкіметке қарсы аяусыз, жеңілмей тоқталмайтын мейірімсіз күресуші ұлтшыл-буржуазиялық партияның мүшелері етіп көрсетуге «теориялық негіз жасалып, сталиншіл-голощекиншіл системаның жандайшаптарына жол ашылды. Бұл ретте, тіпті, Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің 1919 жылғы апрельдің 4-індегі қаулысына сәйкес Алашорда қозғалысына қатысқандарға кешірім жасау және олардың өткендегі қызметі үшін қудалауға үзілді-кесілді тыйым салу жөніндегі шешімі ескеде, есепке де алынбай қалды.

Бас жендет Сталиннің үнсіз келісімімен ВЦИК-тің әлгінде ғана аталған шешімі қабылданғаннан кейін жиырма жыл шамасы кейінде Алашорда партиясы дегеннің мүшелері ғана емес, жалпы алғы алаштың баласы, Алаш сөзін аузына алғандар жаппай қудалануға түсті. Ату, асу, жер аудару, соттау дегендеріңізге жол ашылды. Алаш осылайша бұрынғыдай ел атауы болудан қалды, «алаш», «алашорда» деген сөздердің өздері қорқынышты, жеккөрінішті сөз болып қалды. «Бір құдайының өзін» қорқып құрметтеп сыйлауы да, лағнет айттып, боқтауы да оңай, қазағың сөйтіп өз атынан жеріді, қайтып атамайтындай болып қатты жеріді. Сол жек көру мен жерінуден қазағың әлі де толық арылып кете алған жоқ. Соның нәтижесінде қазақтардың, Қарқаралы қазақтарының арасында бір кездегі пір тұтып, «халық азаттығы жолындағы айнымас күрескер» деп мақтанышпен атаған Ақбайдың Жақыбын шамасы келгенше азырақ атауды, бір кездегі ерлік еңбегін елпескермеуге тырысып, реті келсе атаусыз қалдыруды көксейтін адамдар жоқ емес, тіпті, өкінішке қарай, баршылық та...

## II.

Жақып Мырза Ақбаев 1876 жылғы 7 ноябрьде сол кездегі Семей облысына қарайтын Қарқаралы уезінің Берікқара болысында туған. Ақбайдың Ыбырай бастаған балалары осы өңірдегі барынша ауқатты, мейлінше бай әулеттен өрбігенді. Олар осы уездің Қу болысындағы Ақайдың ұрпақтарымен ежелден бақта-

лас өскен, соған орай ру-партия таластарында бірде жеңіліп, бірде-жеңіп дегендей нық тірестіре отырған сол кездегі беделді, белді, өз өңіріндегі ағайындас, ауылдастарын билеп-төстеген, азулы рубасылары болатын. Ыбырай (Жақыптың ағасы) ұзақ жылдар бойына осы Берікқара елінің болысы болған, өз айналасындағыларға, ауылдастарына сөзі де, тізесі де қатты батқан, өте қатал ел қанаушы болған адам. Сол ел қанаушылығы мен болыс кезіндегі заңсыз, адамшылыққа жат қылықтары үшін оны інісі, оқыған-түйгені көп, мәдениетті, демократ жас Жақып (документтегі аты-Жақып Мырза) жек көрген, Ыбырайды «кісі қанаушы», «халыққа жексұрын болыс» деп атаған, онымен өле-өлгенше айтысып, өлтіре сынап өткен.

Өзінен алты-ақ жас үлкен, өзіне әрдайым үлгі-өнеге тұтқан, соған орай өзі де соның ізімен өсігі-жетілуді, әр кезде соның көмекшісі, оң қолы болуды мұрат тұтқан Әлихан Бөкейханов сияқты, «қазақтың басын біріктіріп ел болуын аңсап, сол мақсатқа жету жолына, өз бойындағы бар қасиетін: ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын бар саналы өмірін арнаған адам. Егер де өз ағасы Ыбырайдың ізін қуып, өзінің бас пайдасын ғана ойлап, өз заманының талабына орай мансапқор болса, патша өкіметінің шеншекненіне қызығып, ұлық болуды көкесесе, өзі көркем, өзі шешен, ақылды, іскер Жақыпқа ең оңай жол осы болар еді, патша өкіметінің құзыры күшті, ұлығы болып шығар еді.

— Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітіріп шыққан қазақ былай тұрсын, орыс жігіттері де өте аз болатын. Демек, 1903 жылы университет тамамдап шыққан Жақыптың биік лауазымдарға барар жолы тым даңғыл болатын. Алайда, ол бұлай жасаған жоқ.

Ол өзінің үлгі-өнеге тұтқан ұстазы Әлиханның ізіне түсті, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтармен бірге Әлихан Бөкейхановтың сенімді серіктері бола білді. Солармен қол ұстаса жүріп, туған халқының қамын ойлады, белін бекем буынып, елі үшін еңбек етті. Халық басына бостандық күні туатынына деген берік сенім шалыс басып, тар жол, тайғақ кешулерде адасып, қателессе де, алған бетінен қайтара алмады. Аяғын шалыс басып, адасса да, қиналып қателессе де сол жолда адасты, осы жолда қателесті, өзінің пікірлес, үзегілес дос-ұстаздарымен қандай жағдай-қиыншылықтар болса да бірге болып, бірге бөлісті, әрқашан солармен бірге болды.

Онжылдықтар бойына созылған феодалдық-капиталистік, отарлық езу мен қанауқалың халық бұқарасы арасында

патша чиновниктеріне қарсы, әлеуметтік және ұлттық правосыздыққа қарсылық идеяларын тудырып, қалыптастырған болатын.

Ал, 1905 — 1907 жылдардағы революция қазақ халқының Әлихан, Ахмет, Жақып сияқты алдыңғы қатарлы, саналы өкілдерінің бойында таптық және ұлттық мүдделерінің оянуына және өзіндік талаптар сұрыптап, қоя білуіне жағдайлар жасады. Қазақ еліндегі езілген бұқараның саяси және экономикалық талап-тілектері патшадан тек қана діни насихаттағы еркіндік пен бірлі-жарым саяси праволарын алуға ғана тырысқан үстем тап өкілдерінің талап-мүддесінен шалғай жатқан еді.

Қазақ елінің қалың бұқара өкілдері өздерінің түрлі петициялары мен сөйлеген сөздерінде қазақ жерлерін түрлі сылтаулармен басқалардың пайдасына алып беруге, алым-салықты күшейту арқылы қанауға, отарлаушы лауазым иелерінің бассыздықтары мен түрлі озбырлықтарына қарсылықтары барған сайын күшейе түсіп отырды. Бұл заңсыздық істердің негізінен орыс чиновниктерінің қолымен жасалып отырғанын көрген қазақ халқының осы кездегі күшті наразылығы патша өкіметімен бірге оның негізгі тірегі болып көрінген орыстарға қарсы бағытталған еді. Қазақ елінің сол тұстағы оқыған зиялы азаматтарының демократиялық бөлегі қазақтың қалың еңбекші бұқарасының, кедей шаруалардың талап-мүдделерін қызу қолдаған еді.

Солардың бірі — алдыңғы қатарлы, озық саяси ағым, идеяларды қолданушы зиялылар ретінде қалыптасқан Жақып Ақбаев болды. Ал, қазақ елінің үстем тап әулетінен шыққан Жақыпқа бұл кезде, бір жағынан, қазақ қоғамының ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы дамуының саяси-әлеуметтік жағдайлары ықпал жасаған болса, екінші жағынан, Ресейдегі революциялық оқиғалар күшті әсер еткен болатын. Санкт-Петербург университетінде оқып жүрген кезіндегі студенттер арасындағы күшті өріс алған саяси жұмыстарға Жақып та қатыспай, сырттап қала алмаған болатын. Бұл жөнінде, Жақып Ақбаевтың революциялық еңбегі туралы белгілі тарихшы ғалым Б. Сүлейменов алғашқылардың бірі болып жоғары бағалаған болатын (**Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы, Қоғамдық ғылымдар сериясы, 1966, № 1, 35-бет**).

Осы ретте Жақыптың студент бола жүріп қолы жеткен газеттерге түрлі сипаттағы мақалаларын жолдап, жариялап тұрғанын айта кеткен жөн. Мәселен,



СУРЕТТЕ: Жақып Ақбаев Алматы қаласында ағайын — туыстарының арасында. Сурет жайында А. Жакыпованың естелігінде, 75-бетте айтылған.

«Санкт-Петербургские ведомости» газетінің 1901 жылғы № 69 санында және «Киргизская степная газетада» (1901 жылғы 25 марттағы № 12 санында) сол кездегі салық салудың қанаушылық сипатын сынап жазған. Осылардың соңғысында мынандай жолдар бар: «...ескі тәртіп бойынша күш правоны билеп, жүгенсіз күштер әділдік атаулының үнін шығармай келеді. Менің бағы жанбаған сорлы халқымның бірге бастан кешірген жазғы тұрмысын бақылауларым салық төлеудің жаңа, прогрессивті түрлерін кіргізген жағдайда ғана жеке бас бостандығына және кедей, қаналған қырғыздардың тұрмыс күйін аз да болса жақсартуға қызмет еткен болар еді». Сол кезде патша өкіметі орнатқан тәртіпті бұлайша сынау екінің бірінің қолынан келе бермесе керек.

Қазақстан тарихында жақсы мәлім болғанмен, тек соңғы кездерде ғана жұртшылықтың онымен танысуы мүмкін болып отырған «Қарқаралы петициясы» дегеннің авторларының бірі осы Жақып Ақбаев деген деректер бар. Бұл петиция 1905 жылы маусым айында осы Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрменкесінде жазылып, 14500 адамның қолы қойылып Петербургке Министрлер Советіне жөнелтілген. Ол кезінде Ресей әкімшілік орындарында үлкен

мазасыздық, үрей тудырған. Осы петиция жайында Мұхтар Әуезовтің кейініректе былай деп жазғаны бар: «1905 жылы Қарқаралыда Ахаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петицидағы аталған үлкен сөздер біріншіден, жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған, екінші, қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші, отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Петицидағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан, Ахаңдар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған».

Міне, бұл «Петицияны» жазуға университеттің заң факультетін алтын медальмен бітірген, ойы ұшқыр, тілі өткір, орыс тілінде ана тіліндегідей шебер жазатын, Омбы сот мекемелерінде беделді қызметтерде жүрген, қазақ бұқарасының арасында зор беделге ие Жақыптың қатысуы, оны заңға келістіріп, заң тілімен ретке келтіруі заңды. Оның үстіне осы «Петицияда» қозғалатын проблема-

лар Жақыптың өз өмірінде бел шеше араласқан, сол кездердегі мақалалары мен сөздерінде жиі қозғап, беріле әңгімелеп жүрген жайлары болатын. 1905-1907 жылдардағы революция кезінде саяси қызметін ерекше өрістеткен Жақып Омбы, Петропавл, Баянауыл, Қарқаралыда өткен митингілер мен демонстрацияларда үкіметке қарсы, саяси сөздер сөйлеп, оларға қатысушыларды бүкілхалықтық забастовкаға шығуға үндейді, сайлау және сайлану правосы, сөз және баспасөз бостандығы үшін, патша өкіметін құлату үшін күреске шығуға шақырады.

Жақып Ақбаев халықтың патша шығарған «17 октябрь манифесіне» қаты наразылығы жайында құлшына кеңінен жазады. Ол: «Манифест толық жүзеге аспаған жағдайда дененің жеке мүшелерінің ас қорытатын қарынмен байқалмайтын күресі тәрізді жасырын және немесе ашық айқас жалғаса беретін болады, ал мұның өзі бүкіл дененің құрып бітуіне әкеліп соғуы әбден мүмкін», — деп ескертті. (Рефераты докладов научной конференции преподавателей, посвященной 30-летию КАЗГУ им. С. М. Кирова, Алма-Ата, 1964 год). Манифестің жалған документ екендігін, патшаның оны жүзеге асырмайтындығын, жүзеге асыруға мүлде мүддесіз екенін бейнелі сөздермен өткір сынаған Жақып «орыс патшасының жалаңбұт қалғанын» дәлелдейді. Оны осы тұстағы патша өкіметіне қарсы жүргізген баспасөз бетіндегі және ауызша үгіті үшін патшалық заң орындары белгілі заң қызметкеріне қарсы қылмысты іс қозғайды. 1906 жылы Ж. Ақбаев қылмысты істер Ережесінің 103 және 129 статьяларымен (жоғары мәртебелі патша ағзамға тіл тигізгені және сол тұстағы құрылысты құлату үшін үгіт және насихат жүргізгені үшін) айыпталады да, 1908 жылы қарулы күзетпен бес жылға Якут облысына жер аудару үшін Омбы қаласына жөнелтіледі. Бұл арада ішкі істер министрі Дала өлкесінен Қапалға полиция бақылауында болуға кесіп, жер аударды. Ал, бұл арада да үкіметке қарсы насихатты тоқтатпаған Ж. Ақбаев 1910 жылы тағы да сол ішкі істер министрінің үкімімен Қапалдан Тобол губерниясына жер аударылады.

Демек, Жақып Ақбаевтың 1905-1907 жылдардағы революцияға белсене қатысқан қазақ халқынан шыққан алғашқы юрист екендігіне, оның патша өкіметі тұсындағы саяси көзқарастары мен түрлі талпыныс-әрекеттерінің прогрессивті-жалпыдемократиялық бағытта болғандығына, өзінің демократиялық мүдде-идеяларын белсенділікпен жүзеге

асыруға сол күндерден Ұлы Октябрь социалистік революциясы жасалғанға дейін бір сәт те саябырлатпағанына кәміл сенуге болады. Осы арада «Большевик Қазақстана» журналының 1933 жылғы октябрь айындағы санында жарияланған тарихшы, профессор Санжар Аспандияровтың мақаласындағы мынандай жолдар еріксіз еске оралады. «1905 жылғы революция Қазақстандағы революциялық қозғалыстың дамуына үлкен әсерін тигізді. Орыс жұмысшылары мен шаруаларының күресі езілген халықтар тобының санасына әсер етпей қалған жоқ. Қазақ зиялылары пайда бола бастады. Мектеп ашылып, білімге деген ұмтылысты, газеттер шығарыла бастады. Осы кезеңдегі қазақ интеллигенттерінің революциялық ролін жоққа шығаруға болмайды. Феодалдық-рулық құрылыстың ыдырай бастауы, ұлттық шоғырлануға талаптану, жазба әдебиетінің дами бастауы, әдеби тілді қалыптастыру, қазақ зиялылары басқарған буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың алғашқы қадамдары міндетті түрде прогрессивтік бағытта болғанына еш күмәнданбау керек». Бұл жайды лениндік еңбектерде жиі ұшырасатын көзқарас: езілген ұлттың ұлтшылдығынан біз жалпыдемократиялық элементтерді көреміз дейтін пікір растай түседі.

Әлихан Бөкейханов 1916-жылы Петроградта басылып шыққан «Бірінші Мемлекеттік думаның он жылдығына» атты жинаққа енген «Дала өлкесіндегі сайлау» деген мақаласында Жақып Ақбаевтың шешендік өнері мен қоғамдық белсенді қызметіне аса жоғары баға берген. «...Бұрын ойына келгенін істеген, енді митингілерде үнсіз тұрған құдыретті жергілікті әкімшілік қызметін ол тәрізді мейірімсіздікпен сынағанға қазақтар тұңғыш рет куә болды», — деп жазған Ә. Бөкейханов. Ол осылайша «қаражүздікшілермен қызметтес болғысы келмегендіктен бостандық күндері отставкаға шыққан» бітіртуші (мировой) судья Жақып Ақбаевтың шешендігі мен қоғамдық белсенділігін әңгімелеу арқылы 1905 жылғы қазақтар арасындағы саяси ахуал, тыныс-тіршіліктен аталған кітапта тәп-тәуір мағлұмат берген.

Жақыптың 1916-1917 жылдардағы қоғамдық қызметі жайында Қарқаралы уезіндегі Уақытша үкіметтің комиссары Николай Вайснердің 1917жылғы 12 майдағы Семей атқару комитетіне жолдаған баяндамасы мен **(Қарағанды облыстық мемлекеттік архиві, № 11с/329-қор, тіркеу № 1,2-іс, 2-10 беттер)** Семей облыстық прокурорының міндетін атқарушының Омбы сот палатасының Бас прокурорының атына 1917 жылдың

22 июнінде жолдаған ұсыныс хатында **(Омбы облыстық мемлекеттік архиві, 190-қор, тіркеу № 3, 1092-іс, 58-бума, 6-9 беттер)** жан-жақты тәптіштей баяндалған деуге болады. Әрине, бұл екі автор да Ж. Ақбаевты барынша жек көріп, жамандап жазып отыр. Соның өзінде Ақбаев Жақыптың сол қысылтаяң тұстағы қоғамдық қызметі, қазақ халқының ғана емес, Қарқаралы өлкесінің барша тұрғындарының, оның ішінде орыстардың арасында аса жоғары беделге ие екендігі жайлы (Уақытша өкімет комиссары мен патша өкіметінің прокуроры мұны қаласын-қаламасын мейлі) баяндалады. Уақытша өкіметтің Семей облыстық атқару комитетінің тағайындауы бойынша мейлінше мол өкілдіктерге ие болып келген, басты міндетті Қарқаралы уезінде Уақытша өкіметке қажетті тәртіп орнату, уезд билігін толықтай өз қолына алып алған осындағы қоғамдық ұйымдар мен армияның Біріккен комитеті мен оның нақты басшысы Ж. Ақбаевты «жуасыту», реті келсе қамап, жер аудару болып табылатын Н. Вайснер басынан өткерген қияметтерін, Жақыпты тұтқындап, аудару былай тұрсын, өз басының қайғысымен әуре болып кеткендігін «көзіне жас ала отырып» баяндаған. Бұл ұзақ баяндамадан «далада бірқатар беделге ие» Ж. Ақбаевтың март айының бас кезінде аталған Комитеттің вице-председателі болып сайланғанын, ал оны бұл қызметтен «жылжытудан» ешқандай да нәтиже шықпағандығын, нәтижесінде жер аударуға, тұтқындалуға тиісті Жақыптың қала жұртшылығы (ішінде орыстар да бар) мен қыр қазағының жаппай қолдауының нәтижесінде аталған Комитеттің председателі болып сайланғандығын, комиссар Н. Вайснер мейлінше қолдаған, оның жазбасы бойынша, «барлық жағынан да өте жақсы адам», уезд бастығы Макаревичтің орнынан алынып, оның орнына «Ақбаевтың досы» Аяғановтың тағайындалғанын, ең ақырында Вайснердің өзінің де «комиссарлықтан масқара боп босап қалғанын» білеміз.

Екінші документте Жақып Ақбаевтың 1904-1905 жылдары Омбы сот палатасындағы жұмысынан өз еркімен кеткеннен кейін (ал оның бұл жұмысынан кету себебін Әлиханнның баяндауында жоғарырақта айтқан болатынбыз) «өтірік, жала арыздар жазумен» шұғылданып жүргені, қырғыздар арасындағы партиялық күреске қатысатынын, қырғыздардың өздерінің айтуы бойынша, олардың өздерінің тапсыруы-сұрауымен ақыл-кеңес беріп, көмектесетіндігі айыпталып жазылған. Тиісті лауазым иелері орыстардың: нотариус Чемодановтың, бітістіруші судьялар Азбукин мен Лысенков-

тардың кінәлаулары бойынша, «осы жылдың март айында, мемлекеттік төңкерістен кейін Қарқаралы уездік атқару комитетінің құрамына сайланған Жақып Ақбаевтың... уездегі орыс тұрғындарға, оның ішінде лауазым иелеріне қарсы науқан ашқанын, халықтың негізгі бөлегі қырғыздар болғандықтан, уездегі өкімет билігі соларға берілуі тиіс екендігін дәлелдеуге күш салып, үгіт жүргізіп жүргенін» айыптап жазған.

Обалы не, прокурор мырзаның біз тілге тиек етіп отырған Ұсыныс хатында Жақып Ақбаевтың пайдасына айтылған пікірлер де бар. Мәселен, Ахмет Аяғанов Ақбаевтың ешқашан да қырғыздарды орыстарға қарсы болуға үгіттемегенін, тек қана уездік комитетке негізгі тұрғын халық — қырғыздардан өкілдердің көбірек енуі қажет екенін айтып дәлелдегенін, бітістіруші судьялар Азбукин мен Лысенковты комитет құрамына кіргізуге қарсы болғанын, бұл ұсынысын аталған лауазымды мырзалардың комитеттің басқа мүшелеріне үстемдік жүргізуі әбден мүмкін екендігімен дәлелденгенін айтқан. Уездік комитеттің және бір мүшесі Смағұл Бекбаев Жақып Ақбаевтың қырғыздар арасында өзінің оқыған, білімді, ақылдылығымен беделге ие болғанын, сол үшін де қырғыздардың оны уездік комитет басында көргісі келетінін, ал бұл ұсыныс қаланы билеп қалған орыс тұрғындарға ұнамайтындығын, Жақыптың қырғыздарға патша берген бостандықтардың мәнін ұдайы түсіндіріп жүргенін, қырғыздарды орыстардан бөлектенуге ешқашан да үгіттемегенін, тек қана полицияның орнына милиция болуы керек екенін, мұның артықшылықтарын айтып түсіндіргенін, ал орыс чиновниктерінің мұны өздеріне қарсы үгіт деп түсініп отырғанын әңгімелеген. Прокурор мырза осыларды баяндай келіп, Жақып Ақбаевтың үстінен жазылған Қарқаралы уезінің 3-учаскелік сотында екі арыздың, Павлодар уезінің 1-учаскелік сотында екі арыздың жатқанын, олардың иелері мәртебелі судьялар Азбукин, Лысенков, нотариус Чемоданов, қала старостасы Ситников екендігін (бұлардың бәрінің де өздеріне қарсылас Ж. Ақбаевтан кек алуды көздеп жүргенін айтпайды, әрине) хабарлай отырып, Бас прокурорға ешқандай да ұсыныс айтып, Жақыпты жазалау жөнінде тілек білдірмейді. «Үнсіз қалсам, аталған мырзалар жоғарыға арыз айдап жүрер» деп ойлаған прокурордың өз міндетінен осылай құтылғысы келгені, ал іс жүзінде оның өзінің Ж. Ақбаевты іштей қолдайтыны байқалып отырады. Шынында да, Жақып Ақбаевтың талабы өте орынды еді. Қарағанды облыстық

архивінде кездейсоқ сақталған кейбір документтерге қарап, ол талаптардың өте әділ екеніне көзімізді жеткізгендей болдык. Мәселен, 1917 жылдың 20 мартында Уақытша үкіметтің комиссарларының бекітуі бойынша Қарқаралы уездік Біріккен атқару комитетінің құрамына бүкіл 22 болыс ел қазақтардан, Қарқаралы қаласының басындағы «қырғыздар, татарлар, сарттар мен бұқарлықтардан» небары 13-ақ адам кірген. Оның есесіне қаладағы "ат төбеліндей ғана орыстар мен қазақ-орыстардан 15 адам кіріпті. Ал, олардың ішіндегі азуы алты қарыс кунецтер, алпауыт казактар, судьялар, бүкіл Қарқаралыны жылдар бойына «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстап келе жатқан, қарқаралылықтар күні бүгінге дейін аттарынан қорқатын Гаврил Рязанцев, Захар Червев, Алексей Тысяцкий, Анатолий Лысенко, Роман Азбукин, Яков Ситников, жергілікті команда бастығы Прохорович сияқты кілең қорқау қасқырлар қай қазаққа билік, есе бергендей еді?! Бұған Жақып Ақбаев, Нарманбет Орманбетов, Нығмет Нұрмақов, Мұхсын мен Фатих Бекметовтер сынды жергілікті ұлттардың, осы жер тұрғындарының оқыған, көзі ашық азаматтары қалайша шыдасын?! Ақшалы қапшықтарға, алпауыттарға қарсы шыққан оларды кейіннен «орыстарға қарсы шықты, орыстарды қуғысы келді» деп айыптағанымыз арға сия ма?!

Осыдан келіп, аумалы-төкпелі іске жергілікті команда солдаттары мен Қарқаралының түпкілікті қазақ-орыстары мен қазақтардың қалың бұқара топтары араласады да, комитет құрамынан Азбукин, Лысенков, Чемоданов, Рязанцев, Ситников, Тысяцкийлер шығарылады. Солдаттар Жақыпты тұтқындау жөніндегі жарлықты орындаудан бас тартады, іс насырға шабатын болғандықтан, жергілікті үкіметтің басындағылар қашқаны қашып, тығылғаны тығылып, бас сауғалап тынады. Әділдік салтанат құрып, Жақыптар жеңіске жеткенмен, бұл да тұрақты болмайды.

Ал байлық пен билік иелерінің «Жақып Ақбаев қырғыздардың арыз-шағым жазуына көмектесіп, дау-дамай көбейтеді, сол арқылы қырғыздарды өкімет орындарына, заңға бағынбауға баулиды» — деген тәрізді шағымдарына Жақыптың өзі былай деп жауап береді: «Мен жәбір көрген өзімнің қандас қырғыз бауырларыма орыс және қырғыз әкімшіліктері жасап отырған озбырлықтарға қарсы өтініш-тілектер мен арыздар жазып беруге міндеттімін, олардың бұл тәрізді өтініштерін орындамауға менің ешқандай да қақым жоқ, ал осының мені

екінші рет айыпкерлер орындығына отырғызуға жеткілікті деп білетіндерге менің бәлендей қарсы айтар дауым жоқ» (**Қазақ ССР Орталық Мемлекеттік архиві, 64-қор, тіркеу № 1,-5832-іс, 151-бет**).

Патша өкіметі тұсында бірнеше рет түрмеге қамалып, екі рет жер аударылған, бірнеше рет ірі көлемдегі ақшалай айып төлеген Жақып Ақбаевты жоғарыда айтқанымыздай, 1991 жылдың январында Колчак пен Анненков контрразведкасының агенттері Колчактың әскери-қазақ диктатурасының жауы ретінде, халықты колчактық және атамандық өкіметті құлату мақсатында және совет өкіметін қалпына келтіруді көздеген қарулы көтеріліске үндеп, шақырғаны үшін тұтқынға алады. Ал, сол жылдың 7 июлінде колчактық әскери-дала соты оны ату жазасына үкім шығарады. Ж. Ақбаев үкімді бұзу үшін арыз беруден бас тартады, «арыз жаз» деп үгіттеген әкімдерге Жақып айтыпты деген, халық арасына кей, тараған «қырғыздарды ескі тәртіпті қиратуға шақырғаным рас болса, сол ескі тәртіпті мылтық күшімен қорғап отырған үш мың орыстың жандайшап, алпауыттарын жоқ қылар отыз мың қырғыз табылмас дейсің бе?» — деген сөздерді айтқан ғой.

Қалай болған күнде де, — мейлі, Жақыптың әлгі қаһарлы сөздерінің әсерінен: қорықсын, мейлі, осы кездегі қызыл әскерлердің Колчак әскерлерін жаппай қаусатып, дүркірете қууды бастаған кезінде қазақтың Жақып Ақбаевтардай беделді адамдарынан көмек күтіп, алдаусыратқаны болсын, мейлі, Ақбаевқа шығарылған үкімді бекітуге тиісті корпус командирі Березовскийдің онымен Петербург университетінде бірге оқыған кезінде ақыл-көркіне, алғыр ойлы білімділігіне тәнті болғандықтан да, үкімді бекітуге дәті бармағаны болсын, әйтеуір әскери-дала сотының қатал үкімі күшіне енбестен қалады.

Сонымен патша өкіметі мен онан кейінгі Уақытша үкіметі сияқты Колчак үкіметінің ашық жауы ретінде әлденше рет қамалып, түрмеде отырған, жер аударылып, түрлі айыптар төлеген, ақыр соңында өлім жазасына да кесіліп, одан да аман құтылған Жақып Ақбаев Алашорда үкіметінің мүшесі болып сайланған жылдарын Колчак түрмесінде өкізді. Одан шыққаннан кейін Совет өкіметінің өзінің күні кешегі жауларына-алашордашыларға кең көлемді кешірім жариялаған Совет өкіметінің ізгі ниетті қадамын, одан шығар игіліктерді пайдалануға бел байлаған Жақып әуел бастағысынша өзінің «сорлы халқына» қызмет жасауға кірісті. Дарынды юрист совет



өкіметі тұсында Семей губерниясындағы заң орындарын, сот мекемелерін ұйымдастырушы, сол кездегі олардың қиын істі жолға қоюшы бола білді. Дәл осы кезде 1917 жылы ұйымдасқан Қарқаралы уездік Біріккен атқару комитетінде өзі председатель болып жүргенде сол комитеттің мүшесі бола жүріп, Петербург университетін бітіріп келген, көпті көріп, көпті білетін өзінен көп жайларға қанығып, көпті үйренген, ал бұл күндері өзінің күйеу баласы, болашағынан көп үміт күттірген, ағасы Ыбырайдың қызы Зүпнүннің зайыбы Нығмет Нұрмақов көп көмегін берді, қиын шақта қол ұшын беріп, дұрыс-түзу жолға түсіп, оған тез көндігіп кетуіне көмектесті. Сөйтіп өзінің бір кездегі Нығметтей бала жігітке жасаған жақсылығы еселеп қайтты. Бостандықтағы өмірінің соңғы жылдарын осы Семей, онан кейін Қызылорда губернияларында ауыр науқаспен алыса-айқаса жүріп, адвокаттық қызметтер атқарды.

Мақаламыздың басқы жағында айтқанымыздай, Голошекин мен голошекиншілерге, соларды бет перде есебінде ұстаған басқаларға әлде қалай себептер үшін сол тұстағы қазақ зиялыларын құрту қажеттігі-туды. Міне, осы кезде баяғы Алашорда тәрізді құбыжықты тірілту керек болды. (Мұны бүгінде басқаша дәлелдеудің бәрі жай ғана сөз қуалау тәрізді). Осыдан кейінгі жерде Жақып Ақбаевтың бір кезде «Степной край» газетінде: «Мен дұрыс ұйымдастырылған, ар-иманды аттамай жұмыс істейтін соттан ешқашан да қорықпаймын, мен Россияда кең өріс алған полиция бассыздықтарынан ғана қорқамын», — деп ашына жазғанындай, сол бассыздықтар Советтік Россия жерінде де кең өріс алды. Басқа да алашордалықтармен бірге Жақып Ақбаев та «үштік соттың» үкімімен орыстың Воронеж қаласына жер аударылып кете барды. Осында жүргенде бұрынғы ескі ауруы асқынып кетті. Соның әсерімен ол жүріп-тұруға, ешқандай жұмыс істеуге жарамай қалды. Қиын күндерде бір кездегі үзеңгілес, қарулас, қызметтес, жалпы тілегі бір достары көмекке келіп, Жақыпты еліне, Алматыға қайтартты. Осында келіп, 1934 жылы ауыр науқастың салдарынан, көрген азап, ауыр тұрмыстың салдарынан Алаштың асыл азаматы, Арқаның ардақ тұтар ерен адамы аянышпен о дүниеге аттанды.

Жақыпты, оқырмандарымыздың әрқалай қабылдайтындығын біле отырып, әдейілеп «Алаштың азаматы» атап отырмыз. Алаш — арғы ата-бабаларымыздан келе жатқан көне сөз екені көпшілікке белгілі. Халқымыз ежелден-ақ елге қамқор болған қадірменді адамдарын «Алаштың азаматы» атап, қадірлеп,

құрметтеген ғой. Ешкімді де жат көрмейтін халқымыз танымайтын адамын да «алаштың азаматының бөтендігі жоқ», — деп құрметтеп қарсы алып келген. Міне, осылайша «Алаштың азаматы» деген сөз ең қадірменді адамына арналып айтылған қазақтың. Соңғы жылдарда, кейінгі онжылдықтарда осы бір аяулы сөзден безініп, енесінен жеріген төлдей-ақ жерініп, безініп кеттік. Соның салдарынан «алашқа» қатысты қандай әңгімелерден де сырт айналатынды шығарып алдық. Осы тұрғыдан келгенде «Алашордаға», жалпы «Алаш» атына қарсы науқан ұйымдастырған голошекиндер, мартыненколар, брайниндер мен шафиролар, құрамысовтар, тоғжановтар мен исаяевтар өздерінің алдарына қойылған «мәртебелі» міндеттерін «абыроймен» орындап шықты: ежелгі қазақ халқы өзінің байырғы аяулы атауынан безіп шығып, еңкейген кәрісінен еңбектеген баласына дейін таспен атып «өлтіріп тынды». «Кіші Октябрьді» өткізу барысында, «Қазақстан партия ұйымын большевизациялау» тұсында республиканың кадрлар корпусын ыдыратып, бір-біріне әдейі қарсы жауықтырып қойды, ырыңжырынды күшейтті. Әлихан Бөкейхановтай тұңғыш қазақ экономисін, Ахмет Байтұрсыновтай алғашқы советтік ағартушысын, Жақып Ақбаевтай қазақ халқынан шыққан тұңғыш право магистрін, осылар сияқты «алаштың аяулы азаматтарын», ылғи шетінен «ығай мен сығай» дерлік, бірінші орындарда тұрған алғашқылар мен тұңғыштарды итжеккенге айдатып, түрмеге тықты, «тұнығымызды лайлайды-ау, бетімізге келіп бөксемізді жалаңаштайды-ау, халықты дүрліктіріп, соңдарынан ертеді ау» деген ардагерлерімізді жоқ қылды. Бәрінен де біздердің жанымызға бататыны — сол ардагерлерімізді «алаштың азаматы» деген атаумен бірге халық санасынан мүлде өшіріп тастауға талпыныс жасағандары және де бұл жолда олардың табыссыз еместіктері. Содан келіп кезінде ел қадірлеп, көсем тұтып, соңдарына ерген Алаштың азаматтарының жасампаз істері былай тұрсын, есімдерінің өзін жаппай ұмыта бастаппыз. Қасына келіп Жақыптардың атын атап, ол туралы естіген-білгендерін айтуды сұрағаныңызда, шетінен өзін «арандатқалы тұрған» адамды, «әзәзілді» анықтап көріп алып, тиісті жерге тезірек хабарлағысы келгендей-ақ, бетіңе ожырая қарап, тездетіп қасыннан тайып тұратынын қайтерсің? Тіпті, Алматы мен Қарқаралы қалаларына арнайы іздеп барып жолыққанда «осылар біледі ғой, айтатын шығар-ақ» деген Жақыпқа жақын деген, жөн-жоба білерлік екі азаматтың маңына да отырғызбағанына таң қалып, жа-

ғамызды ұстағанымыз бар... Ата-анасын ұмытқан мәңгүрттік дегеніміздің өзі осы емес пе екен?

Байыбына барып, ой тереңіне үңілетін болсақ, әлгі азаматтарды бәлендей кінәлай қоюдың да реті шамалы сияқты. Бұл барша халықтың (оның ішінде қазақ халқының да) басына төніп алып, әлі күнге салқынын жоғалтпай тұрған қаралы бұлт, зілзала дерттің салдары, қағидаға айналып кеткен қағидалардың зардабы ғой...

Ал, Жақып Ақбаевтың тірнектеп жинап, қадірлеп зерттеген, мұқияттылықпен шұқшия талдаған ұрпағы болатындай жағдайда халқы үшін атқарған, кезінде «алаштың асыл азаматы», «халқының бостандығы жолындағы белсенді де белгілі күрескер» аталуға лайық еңбегі бар, оларымен қоса артында мол мұра да қалдырған ардагер екені даусыз. Ақбаевтың қаламынан кезінде аса бағалы зерттеу еңбектер туған. Солардың бірі Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің Жазбаларында 1907 жылы жарық көрген «Қазақтардың қатардағы правосы, оның ішінде семьялық-неке правосы» деп аталатын еңбегі. Онан кейін Қазақ ССР-ы Ғылым академиясының право секторы 1948 жылы «Қазақтың әдетті правосы бойынша материалдар» атты жинақты басып шығарған болатын. Осындағы әдет-ғұрыптар жиынтығы жайлы жазбалардың авторы көрсетілмеген, ал солардың авторы Жақып Ақбаев деген пікірге біз де толық қосыламыз. Ж. Ақбаев кезінде қазақ халқының шығуы туралы ғылыми жоғары маңызға ие, соған орай ғылыми әдебиетте жиі қолданылып та жүрген еңбек жазған. Оның әр кезде мерзімдік баспасөз беттерінде жарияланған заң, право жайлы көптеген мақалалары бар. Еш жерде жарияланбаған, алайда ғылыми, танымдық мән-мағнасы зор хаттары, жоғары орындарға жолдаған шағымдары мен хаттары да көп. Мәселен Қазақстандық праволық әдебиетте жиі аталып жүрген граф сенатор Паленнің атына жолданған хаты оның авторы Жақып Ақбаевтың Россиядағы өмірге көзқарасын көп жайлар бойынша анықтап алуға көмектесерлік құжат болып табылады. Ал түрлі ой-толғаныстарын осындай түрлі жазбалар арқылы ғана білдіру мүмкін болған жағдайда жазылған әр тұрғыдағы түрліше мазмұнды мұндай хаттар, жазбалары көп-ақ қой.

Жақып Ақбаев Қарқаралының атақты байы Халиолланың қызы Гүлбішке үйленгенін жергілікті тұрғындар жақсы біледі. Осы екеуі дүниеге екі ұл және төрт қыз әкеліп, ер жеткізген. Мұрат пен Кәмелшат есімді ұлдары Ұлы Отан соғысына қатысып, аман оралғанмен, сол соғыс зардабынан елге, Алматыға келіп қай-

тыс болған. Аргуния, Асфазия, Наймания, Андресада есімді қыздары әке атына лайық азаматтар болып өскен, жоғары білім алған, ғылым жолына түсіп, білікті ғалым атанған аяулы жандар. Қазір бұлардың Нұрлан атты үлкен ғалым-химик баласын өсіріп отырған Аргуниясы мен Найманиясы Алматыда аман-есен жүріп жатыр. Зайыбы Гүлбіш осы бертінде ғана осыдан екі жыл бұрын Алматыда дүниеден қайтты.

Алаштың асыл азаматы, Арканың ардақтыларының бірі Жақып Ақбаевтың өмір жолы жайлы әзірге айтарымыз осы. Осы таяуда ғана, өткен жылғы 7-санында «Наш современник» журналы: «Букейханов был крупнейшим деятелем своего времени, видным экономистом. Но до последнего времени даже и представить было невозможно, что в Казахстане кто-то решится написать и издать объективную биографию Букейханова»,—деп ашына жазғанындай, Жақып Ақбаев туралы да алпыс жыл бойына ауыз ашуға болмады ғой. Сол алаштың азаматы жайлы алғашқы дерлік осы мақаланы жазушының да, оның жазғандарын болашақта оқушылардың да қорқа соғып, байқап айтуы, оған байқап үн қосуы заңды сияқты. Екінші бір жағынан Жақып пен Жақып сияқты ардагерлер жайында іркілместен айтып-жазуымыз, олардың объективті өмірбаянын жазуымыз — бүгінгі өмір талабы. Ал, осы жолда еңбектенуге тілек білдірушілер мен «е-е-ой-й», мынау мынаны қайдан алды, мынау не дейді-ей?» — деп, дереу тырнақ астынан кір іздеуге кірісушілерге айтарымыз:

— Әзірге қолыңызға тимей жатуы ғажап емес. Осы жақында ғана кітап дүкендеріне түскен «Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедия» атты кітаптың төртінші томын қолыңызға алып, 653-бетін ашып қараңыз. Әлихан Бөкейханов, Халел Досмұхаметов, Міржақып Дулатов, Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Сәдуақасов, Мұхаметжан Тынышбаев сынды асыл азаматтармен бірге олардың әріптестері, тағдырлас серіктері Жақып Ақбаевқа да «Қазақ ССР — төрт томдық қысқаша энциклопедиясына қосымша» — деген бөлімде шағын мақала арналыпты. «Ақбаев Жақып... Қазақстанда ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушы, қоғам қайраткері, қазақ халқынан шыққан тұңғыш право магистрі»,—деп басталған осы мақала қаражүздінің аузына құм құйып, тілекшілеріміздің талабына қанат байлар деген ойдамыз.

Қалай болған күнде де Жақыптардың алдындағы борышымызды өтеп, ұрпақтарына оның ақ-адал есімін қайтарып берейік, толыққанды бейнесін жасайық. Бұл бүгінгі ұрпақтың кезек күттірмес парызы болса керек.